

«МИРАС» КОЛЛЕДЖІ» МЕКЕМЕСІ



Ереже колледждің
Педагогикалық Кеңесінде қаралды
Хаттама № 1 28.08.2019 ж.

Бекітемін
«Мирас» колледжі»
мекемесінің директоры
Абуева Н.К.

A blue circular official stamp of the 'Miras' College is visible. The stamp contains the text 'ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАУЫМ КӨРСЕТКІШІ' around the perimeter and '«МИРАС» КОЛЛЕДЖІ' in the center. A handwritten signature in blue ink is written over the stamp.

ӘДІСТЕМЕЛІК АПТА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Шымкент 2019

1. Жалпы ережелер

Әдістемелік апта оқытушының өзін-өзі жүзеге асыруына, оның өзін-өзі білім беру бойынша жұмысын жетілдіруге ықпал ететін әдістемелік жұмыстың түрі болып табылады.

Әдістемелік апта жұмыстың оң тәжірибесін насихаттауға, оқытудың жаңа тәсілдерін көрсетуге, оқытушылар жұмысының нәтижелілігін арттыруға, пәндік циклдік комиссиялардың жұмысын жетілдіруге жәрдемдесуге бағытталған.

2. Әдістемелік апталықтың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: педагогикалық ұжымның шығармашылық бастамаларын өзектендіру.

Міндеттер:

- әдістемелік жұмысты жетілдіруге оң уәждемені қалыптастыру;
- Кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру;
- оқытушы мен пәндік циклдік комиссия жұмысында жаңа, өзіндік және өнімді идеяларды анықтау;
- озық тәжірибені насихаттау және тарату

3. Әдістемелік апталықтың қатысушылары

Әдістемелік аптаға барлық пәндік циклдік комиссиялар қатысады.

4. Әдістемелік апталықтың мазмұны

Әдістемелік апталықтың мазмұны әдістемелік бағыттағы пәндік циклдік комиссия қызметінің мазмұнын көрсетеді.

Әрбір пәндік циклдік комиссия бір күн ішінде өзінің оң тәжірибесін, оқытудың жаңа тәсілдерін, өздерінің әдістемелік табыстарын көрсетеді.

Жұмыс тәжірибесін көрсету формаларын пәндік циклдік комиссия мүшелері таңдайды. Ұсынуға болады:

- ашық сабақтар (стандартты емес, заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып);
- мастер-класс;
- электронды презентациялар, бейнематериалдар;
- әдістемелік көрмелер;
- оқытушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі;
- семинар және т. б.

Әдістемелік апталықтың қорытындысы бойынша әр пәндік циклдік комиссия альбом-ақпаратты ұсынады.

5. Әдістемелік аптаны ұйымдастыру

Әдістемелік апта демалыс кезінде колледждің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.